

Қыз Құртқа

1
...Қурулы бақан басында
Екі бөліп ұшырды
Ай астында теңгені.
Құртқа көріп батырды.
Шашу шашып басына,
Бұралып келді қасына.
Нұрына тойып төнгені, —
Көзі көрмей өзені,
«Ізбеген теңім келді», — деп,
Патшаға салып жеңгені.

Сүмбіледей жылтырдап,
Буыны түсіп былықтап,
Атын қалақ дулыға,
Шекесінде жарқылдап,
Мақпал төсек мамықтан,
Алтын иек, ақ тамақ,
Көтеріп басын сөйледі...

Құртқа өз жарын осылай таңдады. Қазақ қызының көрінген көк аттыға ілесе бермейтін тектілігін көрсетті. Алтынмен ішін безеген, сырты күміс ақ отауын алып, қырық түйе қазына артып, қырық құл мен қырық күнін ертіп, ұзатылып келе жатқан қыз Құртқа жол-жөнекей көргендігін де таңиталды.

...Сұтанамы сәлем де,
Тілімді аласа бармасын.
Біздің баққан бұрыда
Қырық үш күндік кемдік бар, — деп
Жан жарының бұл сәлемін естіген Қобыланды Қараманға жолдас бола алмасын айтқанда, «қатын» деген сөз естиді. Бұған намыстанған батыр Құртқаны шауып тастамаққа келеді. Сонда Құртқа «Сасып жүріп, жөн тауып, ақыл менен ой тауып...» Қобыландыны сабасына түсіреді.

«Мынау жатқан көп жылқы Кімдікі? — деп сұрады.
Сонау тұрған биені
Мені берсең де алғын, — деп,
Батырға әмір қылады.
Құртқа көрсеткен бұл көкала биенің ішінде кейін Қобыландының жан серігі болған Тайбурыл жатыр елі. Тұлпарды іштен таныған қыз Құртқа Батырға қанат болар мұндай сәйгүлікті өз басынан биік бағалайды. Кейін сол бұрыл құлынды қырық күн қулықтың, қырық күн қысырдың сүтін емізіп, тоқсан күні жеткенде, «арымасын, талмасын деп, маңқа, қолқа болмасын деп, қызыл дәрі жегізіп» баптады. «Түндіктен күн береді, түтіктен су береді». Алтыннан айнал-тұрманнан дайындап, Тайбурылды алты жасқа жеткізген қыз Құртқаға бір күні жылқыда жатқан Қобыланды сәлем айтады. Сұлтананың Қараманмен бірге жауға шаппақ болғанын естіген сұлу Құртқа:

Төрте тұрған Бұрылдың,
Басын шешіп алады...
Көз Құртқаны көтеріп,
Бұрыл көкке екі ұшты.
Салмағымен қыз Құртқа
Алып жерге бұл түсті.
Жазығы айел демесен,
Құртқа қыз да тым күшті.
Көкке үш рет ұшуға тұлпардың қырық үш күндік кемдігі бар екенін Құртқа осылай дәлелдейді. Қобыланды ақыры Қараманмен бірге жауға аттанбақ болып:

Қылаң етіп, қылт етіп,
Сылаң етіп, сылт етіп,
Шекеді шоғы бүт етіп,
Алтынды тоны жылт етіп,
Саулы інгендей ықыдап,
Күшпендей сыңқыдап,

...Артықша туған Құртқажан,
Атың айел десем де...
Менің көзім тіріде,
Ердің құнын жесем де...
Осы барған сапардан
Есен барып, сау қайтсам,
Әйел де болсаң, Құртқажан,
Хан қылармын халыққа! — деп Құртқамен қоштасалы. Сонда Құртқаның даналық, көріпкелдік қасиеті көрініс табады. Ері жоқ елдің ертен қандай күйге душар болатынын жеткізеді. Бірақ батыр айтқанынан қайтсын ба?! Ақыры Қараманмен соңынан кетеді. Бір-ақ күнде алты айшылық жолды басып, Құрласын

куып жеткен Қобыланды:
Көрдіңіз бе, Қараман,
Қатынның баққан атын-ай!
Қатын да болса білдің бе,
Құртқаның асыл затын-ай! — деп құрласының кезінде өзіне айтқан «қатын» деген сөзін бетіне басалды. Ал асыл жар Құртқа батырының барар жолын ғана емес, келер бағытын да анықтап, «Аты арыса, қарны ашса, қылыс деген азықты» Қобыландының жолына күлге көміп кеткен екен.

«Күл ішінде не бар?» деп,
Қобыланды күлді қарады.
Ашып күлді қараса,
Жай менен жал екен,
Түрлі тағам бар екен.
Өзін қаламақ алғанда
Көк арбаға салғанда
«Кез болса бұған батыр» деп,
«Тауып азық қылыс» деп,
Ақылды туған Құртқаның
Бөтен нәрсе тастарға
Шамасы келмей сұлудың,
Көміп кеткен наны екен.
«Өз дегені болмаса, жөнге келмейтін бала» Қобыланды жауларының «тұлымдысын түл қылып, айдарлысын құл қылып» ақыры жеңіске жетеді, алты жасында әміріне алған Құртқамен азамат болып, некелеседі.

Қун қызылы батқанда,
Ауылдың алды жатқанда,
Тоқсан екі қағандар
Қобыландыны жетелеп,
Ақ отауды төтелеп,
Құртқаға тіккен ақ орда
Батырды әкеп енгізді.
Белі қылдай, беті айдай,
Құртқаны оған көрізді.
Тоғыз ай, он күн жүзінде
Перзенттің туар күні бол.
Сұлу Құртқа толғатты.
Ер толғағы тым қатты.
Ұяқы көрмей тұн қатты.
Ел ішінде Құртқажан
Адамнан озған сымбатты.
... Арыстан туған екен деп.



Асыра жұрты қуанды.
«Көк етіктің мықтысы, күзгі жердің шықтысы!» атанған ақылды Құртқа Бөкенбайдай батыр ұлды дүниеге әкеліп, асыл ана атанады. Тіпті жан жары Қобыландысына батыр қыз Қарлығаны қосады.
Қарлыға, Құртқа көрсетіп,
Қалың Қыпшақ еліне
Татулықтың белгісін,
Мақсатқа жеткен осылай
Елге жайып үлесіні...
Жыр осылай аяқталады. Жырда Қобыландының анасы — Аналықтың, қарындасы — Қарлығаштың, батыр қыз — Қарлығанын образдары тартымды жырланған. Дегенмен «Ақылдың сенін, қыз Құртқа, Патшаға бітсе болмай ма?» деп Қобыландыдай батырды тереңдігіне тенті еткен

АЙТҰМАР

Ақпараттар ағыны

«Сегіз қырлы» балуан

Өткен аптада Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында жамбасы жерге тимеген балуан, қазақтың халық өншісі, композиторы, суырыпсалма ақыя, ат құлағында ойынаған опера Балуан Шолақтың 145 жылдығына орай консерваторияның халық әндері кафедрасы студенттерінің арасында бәйге ұйымдастырылды.

Бәйге Арқа мектебінің шәкірттері қатысып, өздерінің ән айту өнерін, білек күштерінің мықтылықтарын сынады. Халық әні кафедрасы менгерушісі, «Дарын» Жастар одағы сыйлығының лауреаты Сауле Жанпейсова өз кезегінде өткізіліп отырған шараға орай пікір білдіріп: «Бүгінгі ұйымдастырылып отырған шараның мақсаты — жастарды, өнерсүйер қауымды дестүрлі өнермен, ұлттық өнермен сусандату және де сонау замандағы сал-серілік дәстүрді жалғастырушы, қазіргі уақыттың мыңнан озған, жүзден жүйрік «сегіз қырлы, бір сырлы» азаматын, бүгінгінің «Балуан Шолағын» анықтау, — делі.

МЕРЕЙТОЙ



Сайыс негізінен төрт бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімде барлық сайыскерлер «Ғалия» әнін бірі домбырамен, бірі сырнаймен құйқылжыта шырқап, тыңдармандарын «аһ» ұрғызса, екіншісінде «Дүние», «Сен-тәубе», «Жастық», «Қарон балуан» әндерін нақышына келтіріп, майын тамызып тұрып жырлады.

Кейін өнерпаздар қол күрестіріп, зіл темір көтеріп, өздерінің қара күштерінің сынасты. Сайыс қорытындысы бойынша үшінші курс студенті Төлеген Шәкәрімов топ жарды.

ЖАҢА КІТАП

«Жүрек жұтқан»

Жақында журналист Қолбай Адырбекұлының осы аттас деректі повесі жарық көрді. Онда Кеңес Одағының Батыры, бас командование резервінде алысқа ұшатын әуе барлаушы 47-ші гвардия полкінің ұшық-барлаушысы Плис Нүрпейісов хакында жазылған.

Повестегі деректер экипаж командирі Евгений Дунаевскийдің туған інісінен, соғыстан кейін «Известия» газетінің тілшісі қызметін атқарған, соғыс жылдарында полктің бас механигі болған Владимир Силантьевтен, «Воздушные разведчики» атты кітаптағы Плис Нүрпейісов жайында жазылған очерктерден, Ресей Федерациясының Қорғаныс министрілігінің орталық мұрағатынан алынған. 1944 жылы Плис Нүрпейісов әскери еңбек демалысына еліне келген кезде туыстарына басынан өткен оқиғаларды айтып берген. Естігені бұлжытпай бүгінгі күнге жеткізген — бас кейіпкердің туған інісі, Қарақалпақстан Жоғарғы Кеңесі Құрмет грамотасының иетері, Кеңестер Одағы мен Өзбекстан халық ағарту саласының үздігі Жүсіпбек Нүрпейісов.



ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

Тасқынның беті қатты

Толассыз жауған жауын мен ауа райының күрт жылданыу салдарынан орын алған төтенше жағдайға байланысты Алматы облысының әкімі Серік Үмбетов еңбек демалысынан мерзімінен бұрын оралып, тасқыннан зардап шеккендерді жағдайын білу және апаттан құтқару қызметінің жұмысын пысықтау мақсатымен Іле ауданында болды. Аумағы 19 шақырымға құрайтын, терендігі 80 метрлік Күртү су қоймасындағы су деңгейі соңғы күндері күрт көтеріліп, қалыпты жағдайда 120 млн. текше метр су жинақтайтын қойма қазір 133 млн. текше метр суды арасына сыйғызуға мәжбүр болып тұр.

Төтенше жағдайға байланысты облыстық деңгейде арнайы комиссия құрылып, оған Төтенше жағдайлар министрілігінің Ұзынағаштағы әскери полкі, Қарасай ауданындағы республикалық құтқару отряды, Алматы қаласындағы және Алматы облысы төтенше жағдайлар департаментінің арнайы отряды, сондай-ақ ішкі істер басқармаларының жауапты қызметкерлері мен жол-су шаруашылығы мекемелерінің ұжымдары қатыстырылды. Күртү су қоймасының төменгі ағысында орналасқан «Күртстрой» және Ақши елді мекен тұрғындары түгелдей арнайы қамдалған орындарға көшірілді. Оған, әсіресе, бұрынғы тау-кен зертханасының құрылысы пайдаланылып, шатырлар орнатылды. 400 адам Іле ауданының орталығына, ал 6000 адам тұрғындары мен қауіпсіз жердегі басқа елді мекендерге орналасқан. Селоғағы мектеп және ауруханалар жабылды. Ақшиліктердің малы үшін Балқаш ауданынан 60 тонна жем-шөп жеткізіліп берілді.

АУА РАЙЫ

Наурыздың басы ызғарлы...

Наурыз айының алғашқы онкүндігі республика аймақтарының басым бөлігінде азылды. Бұл туралы кеше «Қазгидромет» республикалық мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының мамандары хабарлады.

Синоптиктердің болжауынша, алдағы тәуліктерде республика өңірлерінің көпшілігінде күн ашық боламын, сынап бағанасы төмендейді. Тек кей күндері еліміздің солтүстік аймақтарында қар жауып, боран соғуы ықтимал. Айталық, онтүстікте жандыр жауып, тұман түседі. Кей жерлерде көктайпақ болады деп болжанып отыр. Ал Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстарында жылдамдығы секундына 15-20 метр болатын жел соғалы. «Қазгидромет» орталығы мамандарының хабарлауынша, алдағы күндері Жамбыл және Алматы облыстарының таулы аймақтарындағы өзен сулары мен Сырдария өзеніндегі сеннің бұзылуына байланысты су деңгейі көтеріліп де әблен мүмкін. Сол сияқты қардың көп жаууы салдарынан Шығыс Қазақстан облысының тауларында қар көшкінінің жүру қаупі бар. Осыған орай мамандар тұрғындарға қары қалың жерлерге шықпауға кеңес береді.

СПОРТ

«Бейбарыстың» тағы бір тынысы ашылды

Хоккей сүйер жанкүйерлер үшін жағымды жаңалық. Жұырда мұнайлы өлкеңің намысын қорғап жүрген «Бейбарыс» хоккей командасының жеке сайты ашылды, өз оқырмандарымен қауышты. Сайт қоз тілде хабар тараталы.

Сайтты құрудағы негізгі мақсат — облыстық және жергілікті шайбалы хоккей ойынын жанғырту һәм балалар спортын кеңінен насихаттау. Себебі жанкүйерлер сайттан қызықты материалдарды оқып қана қоймай, «Бейбарыстың» ойынын бейнежазбада тамашалай алады. Одан қалса, шайбалы хоккейден Қазақстан чемпионатының толық статистикасы мен күнтізбесін де жанкүйер қауымының осы сайттан табуына мүмкіндік бар.

Сайттың ғаламтордағы мекенжайы: <http://www.hcbb.kz> немесе <http://www.hcbeibarys.kz/>



Ақпараттар ағыны

Әзірлеген Абылайхан ҚАЛНАЗАР

Тілің болмаса, түгің жоқ...

Бүгінде мемлекеттік тіл туралы көп айтылып, көз майын тауысып, жанарын жасытып жазып жүргендер жетеді. Өйткені мемлекеттік тіл — елімізде аса маңызды да ең өзекті мәселе. Тіл — қазақтың жон дүниесі, рухани негізі, ел еркіндігі мен ұлтты таңытатын басты белгісі. Ол — ұлт болмысын ұғындырып, төңірегіне жұртты топтастырушы, біріктіруші фактор. Сондықтан мемлекеттік тілді білу — өмір талобы, заман сұранысы, қоғам қажеттілігі. Олай болса, тілді өмірдің барлық саласында қолданып, аясын кеңейту жолында әрбір қазақстандық өз азаматтық міндетін атқаруға тиіс. Ол үшін тіл білуді мақсат тұтып, алдына талап қоя, қажымай ізденіп, ойрықша көңіл бөліп, аянбай еңбектенсе, мемлекеттік тілді меңгеретіні анық. Алайда біздер үйреншікті сүрлеуден шыға алмай, сүйретіліп жүрген жайымыз бар.

Мемлекет басшысының бастауымен, қолдауымен мемлекет тарапынан қаржы бөлініп, көңіл аударылғаны — тынысымызды кеңейтіп, ілгерілеуіміздің өзегі болып тұр. Мемлекеттік тілді оқып-үйрету ісі жүйелі болмағандықтан, білім сапасы да төмен. Көңіл көншітпейді. Оның сапасын жақсартып, тиімділігін арттыру үшін қатаң талап қою қажет. Сондай-ақ мемлекеттік деңгейде тілдің қажеттілігін сезіндіріп, қолданыс аясын кеңейтуге қолдау көрсетіле, он болар еді. Талапқа орай нақтылы жоспар жасап, оны жүзеге асыру жолдарын қадағалап, жүзеге салуға ел болып атсалысқанда ғана іс нәтижелі болары анық. Қоғамда қай саланы болса да мемлекеттік тілден хабардар мамандар басқарғаны абзал. Себебі тіл білген адамның бойында ұлттық, халықтық, елдік, мемлекетшілдік қан ойнайды. Олар елге, ұлтқа пайдалы мәселелерді қозғап, жауапкершілікті сезінеді. Ондай жандардың бойында ұлт болмысын ұғынатын рух, отаншылдық сезім басым болады. Сондықтан да «Мемлекеттік тіл — менің тілім» деген талапты, тілді меңгеруді ең болмаса мемлекеттік қызметкерлерге міндеттесе. Сонда олар мемлекеттік тілге иелік етіп, тілдің ілгері басуына септігін тигізеді еді.

Адамзат болмысына біткен ең нәзік сезім — ұлт, ұлттық мүдде. Олардың асыл қасиетін түсіндіретін — тіл. Ендеше, мемлекеттік тілді әрбір қазақстандық шынайы түрде жанымен сезіне қабылдап, бірліктің бастауы тіл екенін ұғып, ана тілдерімен қатар мемлекеттік тілді меңгеруді қалыптастыру аса маңызды. Тілді білу — сыйластық пен түсіністіктің қайнар көзі екенін насихаттап, жұрттың көзін жеткізіп, оның мемлекет негізі, елді біріктіруші басты фактор екендігін ұғындыра, қазақ тіліне деген он көзқарасты қалыптастыра, патриоттық тәрбиені жетілдіру ләзім.

Тілді білген адамның рухы биік,



Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде Н. Назарбаев

дәстүрге берік, әдет-ғұрыпқа адал болатынын үйлетістіре, бәршаға талап қойып, сезіндіре білу керек. Сонда ғана өз ниетімен тілге қызмет етіп, азаматтық міндетін орындайды. Талап болғанда ғана жауапкершілік артып, іс арнасын тауып, жүзеге түсіп, жүзеге асады. Мемлекет саясатына жауапты мекеме басшылары тілге деген бақылауды ешқашан да босанстырмауы тиіс. Ең бастысы, тілге деген құрмет пен қамқорлық, қолдау көрсетіліп, оны көмірде қолдану мен қорғау басшылар бастау алуы керек. Ал егер өзіміз бұл мемлекет басындағылар керек етпесе, мемлекеттік тіл кімге керек? Адам қай тілде сөйлесе, сол тілге қызмет етеді. Сондықтан мемлекеттік тілді ұлттық идея етіп, сол тілді қолданып, сол тілде сөйлеп, елімізге адал қызмет етейік. Қазақ халқының аламы қасиетін ұғып, қадіріне жетіп, қастерлей білейік. Рухани құндылықтарды жеткізуші құрал — қазақ тілін жас ұрпақтың бойына сіндіріп, жеткіншектерді тілді құрметтеуге баулиық.

Ел тұтастығы, мемлекет іргесінің беріктігі қымбат та құнды екені көзі ашық жандарға аян. Ал баршаның басын біріктіруші, ұлтты сақтап, болмысын танытушы қазақ тілі тіптен маңызды. «Тілін болса, үнін бар, тілін болмаса, түгін жоқ...» — деген Қалдыр Мырза Әлінің ұлағатын сөзін жаздымызда сақтап, үнемі есте ұстап, оны бір сәт те санамыздан шығармағанымыз жөн.

«Тәрбиенің ең бастаушысы — жеке бастың үлгісі» дейміз ме халық? Тұрған елі мен тіліне деген құрметті әркім жеке басының үлгісімен көрсете білсе, өзгелерге жақсы ба-стама болары хақ.

Кез келген мемлекетті мемлекет етіп көрсететін белгілерінің бірі — ұлт мұраты, ал құндылықтарды жеткізуші — оның мемлекеттік тілі. Ол — Қазақстан мемлекетінің айқындалған факторлардың бірегейі. Қазақ тілі Қазақстан жұртшылығын қазақ төңірегіне топтастырудың негізі екенін

саласында қолданыса енгізеке, оның аясын кеңейіп, жетіле түседі, толығы берелі. Ал мемлекеттік тілдің қызметін осаландыратын болсақ, тіл қолданыстан шығып, жойылуға беттейді. Қолданыс аясы тарыласа, өміршеңдігін жоймағанмен, жартылай тілге айналады. Тілдің өрістеуіне қолдау көрсету — борышымыз. Амангелді Айталы: «Баршаға таяныш болған қазаққа да сүйеніш керек» деп айтқандай, бүгін оның тіліне де шын мәнінде қолдау да, сүйеу де, қорғаныш та керек. Оған Қазақстан жұртшылығының тарапынан ынты-ықпалас, адал ниет, ақ пейіл, қадірлі құрмет, аламы сүйіспеншілік, мемлекеттік жауапкершілік болуы керек. Тілге қай-қайсымыз болсақ та өз тарапымыздан үлесімізді қосып, сүйеніш, жанашыр болып, бір-бірімізге кінә тақпай, оны қадірлеп, қастерлеуге тиістіміз. Тіл арқылы бірегейлігімізді қалыптастырып, ел игілігі мен бірлігіне әр бере, тілдің жылдызын жандырып, халықты риза етейік. Өйткені ең әуелі ұлт та, ұлттың рухы да тіл арқылы қалыптасып, танылады.

Қазақ халқы кімді де, қай ұлтты да бөліп-жарып сыртқа теппеген. Қайта жатыснбай өзіне жақын тартып, жанаса бүтінін бөліп, келпейлік, жомарттық танытқан. Ізгілік пен кісілік, адамгершілік пен бауырмалдық иесі қазақ халқына, оның бай тіліне қанша құрмет көрсетіп, сыйласақ, артықтық та, көптік те етпейді. Себебі кезінде қуғын-сүргінге ұшыраған түрлі ұлт өкілдері жергілікті халықтың рақамшылығы, қонақжайлылығы мен келпейлілігінің арқасында күн көріс қамымен ғана шектелмей, өздерінің этникалық ерекшеліктерін сақтап қала алды.

БІЗӘЛ ҚУАНЫШ

ЖҮРЕКЖАРДЫ

Асылы ОСМАН

«Мемлекеттік тілге — құрмет» бірлестігінің төрайымы, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі